

**Қазақ тілі оқытушысының 2022 – 2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

ЖШС "Жансултан и К" "Бағдаршам" балабақшасы

«Балдырған» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2022 – 2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Қазақ тілі	<p>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө,қ, ү, ұ, і" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p>

		<p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
--	--	---